



Автор: Хабасия Ахыт

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Толғауы тоқсан қызыл тіл

Тақырып: Толғауы тоқсан қызыл тіл

Сабақ мақсаты	Лирикалық шығармадағы кейіпкер бейнесін айқындайды. Үзінділердің мазмұнын түсініп, жатқа айтуға машықтанады. Шығармадағы оқиға желісі бойынша өзіндік көз қарасын байланыстырып, дәлелдеп жазады.
---------------	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі (11 минут)	1. Сәлемдесу Әдісі: «Гүл сыйлау» Шарты: оқушылар қарама-қарсы екі сап құрады, амандасады. Бір-біріне гүлдерін беріп амандасады. 2. Психологиялық ахуал «Шаттық шеңбер» Шарты: оқушылар екі шеңбер бойымен дөңгеленіп тұрып бір-біріне жақсы тілектер тілейді. 3. Топқа бөлу Әдісі: «Сәбеттен конфет алу» Шарты: конфет түрлеріне қарай бөлінеді 1-топ: Сары 2. топ: Көк 3-топ Қызыл	
Қызығушылығын ояту (2 минут)	С Тәсіл: АКТ 1-тапсырма «Елім-ай» әнін тыңдап, туынды жайында өз ойларыңызбен бөлісіңіз. Дескриптор: -Өнер туындысы тыңдалды. - Оқушылар өз ойларымен бөлісті. ҚБ: «Минуттық шешім» әдісі, (өмірде аса маңыздылығы мен мағынасы барын анықтайды).	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Мағынаны тану (20 минут)	<p>Ж Тәсілі: белсенді оқу Әдісі: «Сақина салмақ» Шарты: қолына сақинатүскен оқушы мұғалімнің сұрағына жауап береді Саралау түрі: диалогнегізінде саралау 1-тапсырма Алақанға түскен сұрақтарға жауап беріңіз.Сұрақтар: 1.XIX ғ. II жартысында қазақ даласындағы тарихи өзгерістернені көздеді? 2. «Зар заман» өлеңі- ненің сипаты, қалай ойлайсың? 3.Бұзылған заманның белгілерін атаңыз? 4. Пірі болған кінәз, би болғантілмаштан-тіркестерінің мазмұндық мәнін ашыңыз? Ықтимал жауап: 1. XIXғ. II жартысында қазақ даласындағы тарихи өзгерістер отарлау саясатынкөздеді. 2. «Зар заман» өлеңі-заман сипатынан түңілген, халық үшін жаныкүйген жанның толғанысы, дәуір айнасы. 3. Бұзылған заманның белгілері:ұл сыйламас атасын, ата бермес батасын, қазы, болыс жемеңқор, некесізтуған баласы, қыз сыйламас шешесін, арам, араз хан шықты т.б. 4. Орыскиняздары құдайдай сиынатан пірі, ал сауатсыз, надан халыққааудармашы тілмаштар төбе биіндей болған заман. Дескриптор: -Тақырыпқа қатысты сұрақтарға жауап берді. -Сыни пікірлерімен дәлелдеркелтірді. ҚБ: «Шаршылар» әдісі, өзін-өзі бағалайды ЖЖ Тәсілі: өзараталқылау Әдісі: «Ойлан-жұптас-бөліс» Шарты: оқушылар жұптаса отырады.Саралау түрі: тапсырма бойынша саралау 2-тапсырма Көркемшығармадағы кейіпкер бейнесін анықтап, үзіндінің мазмұнын баяндаңыз.Дескриптор: -Кейіпкер бейнесіне талдау жасайды. -Үзіндінің мазмұнынбаяндады. ҚБ: «Бір сөйлеммен түйіндеу» әдісі, өзара бағаладыКерібайланыс: «Білім қоржыны» -Кейіпкер бейнесін ашу барысында қандайкедергілерге кездестіңдер? -Оларды қалай жеңе аласыңдар? -Өзқұпияңмен бөлісуге даярсың ба? ТЖ Тәсілі: бірлескен оқу Әдісі: «Постерқорғау» Шарты: «Ширату жаттығулары» үш минут ішінде «Қойындәптерлеріне» жазу Саралау түрі: Нәтиже немесе жауап бойынша саралау3-тапсырма Шығармадағы оқиға желісіне баға беріп, өзіндік көзқарасыңызбен салыстырып, айтыңыз, жазыңыз. Дескриптор: -оқиға желісіне баға берді. -өзіндік көзқарасын салыстырып, жазды ҚБ:«Минуттық шешім» әдіс. Өзара бағалау Ж Тәсілі: тапсырма бойыншажұмыс Әдісі: «Өз жұбыңды тап» Шарты: Оқушылардың бір тобы дұрысжауартары бар қағазды алады, бір тобы тірек сөздердер жазылғанқағаздарды алады да жұптасады. Саралау түрі: нәтиже немесе жауапбойынша саралау 1. Тірек сөздер: Майор, шен, қарғы, сұлтан, болыс, елбилеген бектер, қайыры жоқ бай, сауып ішер сүті жоқ, текеметтіңтүріндей, азулыға бар заман-азусызға тар заман, мұсылманнан хал кетті,Арқадан дәурен кеткен соң-қуғындап орыс жерткен соң, билік кеттібасынан. 2. Ықтимал жауап Майор, шен-әскери атақ, дәреже, сұлтан,болыс-билік тармақтарының бір түрі. Ел басқаратын азаматтар-ел билегенбектер. Ешкімге көмегі тимейтін арамтамақ- қайыры жоқ байлар тобы.Қазақ даласына жаңадан келген сауда-саттық жүйесі, базар-сауып ішерсүті жоқ, Заманның құбылысы-текеметтің түріндей, Күштілер мен әлсіздер-азулыға бар заман-азусызға тар заман, Халықтың ардан, әдептіліктен,діннен безінуі-мұсылманнан хал кетті, Ел жерінен айырылу, басбостандығынан-Арқадан дәурен кеткен соң-қуғындап орыс жерткен соң,билік кетті басынан. 4-тапсырма Жұмыс парақшаларыңызға мәтіндердегітірек сөздерді тауып белгілеңіз. Сөздердің мағыналық идеясын анықтаңыз.Дескриптор: - Мәтіндердегі тірек сөздерді тауып белгілейді. -Сөздердіңмағыналық идеясын анықтайды. ҚБ: «Күту уақыты» әдісі. Өз-өзінбағалайды</p>	
Сабақтың соңы (5 минут)	<p>Ж Тәсілі: саралау Әдісі: «Балық қаңқасының диаграмасы» Шарты: қаңқаға сыни көз қарастарын жазады Саралау түрі: талдау бойынша саралау 5-тапсырма Шығармадағы құндылықтарды анықтап, қазіргі өмір құндылықтарымен салыстырыңыз. Дескриптор -Шығармадағы құндылықтарды анықтады -Қазіргі өмір құндылықтарымен байланыстырды. ҚБ: «Күтіңіз және түйіндеңіз» әдісі. Өз-өзін бағалайды</p>	https://rezept-kulinar.at.ua/dolcozitel/produkte/1/chem_mozhno_zarazitsja_ot_ryby-2.png
Үй тапсырмасы (2 минут)	<p>XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ даласындағы әлеуметтік-саяси өзгерістерге таныстырылым жасаңыз</p>	<p>Youtube.com</p>
Рефлексия (2 минут)	<p>Кері байланыс Әдісі: «чемодан, себет, еттартқыш » Шарты: Чемодан-ақпараттар қажет. Себет-қажет емес. Еттартқыш-білуім қажет.</p>	<p>https://ds04.infourok.ru/uploads/ex/0c66/000b5705-e879503f/hello_html_m56a1eab2.png</p>